



«Келісілді»
«Оралыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚМКК-ны басшысы
міндеттін уақытына атқарушы:
К.Б.Абенов

Түркістан облыстық психикалық денсаулық орталығы кәсіпорыны
қызметкерлерін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»
заннама талаптарын сақтау мәселелері бойынша 1-тоқсандағы түсіндіру
іс-шараларының отырысының

№1-ші ХАТТАМАСЫ

Шымкент қаласы

12 наурыз 2025 жыл

Төрайымы: Аймаханбетова Д – кәсіпорын 14-бөлім менгерушісі;
Хатшы: Махан Б - заңгер – кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплеанс қызмет функцияларын орындағын маман
Қатысқан адамдар саны: 47 (бөлім менгерушілер және жауапты
қызметкерлер мен жұмысшылар)

Өткізу уақыты: 16-00
Өткізу орны: мәжіліс зал

Күн Тәртібінде:

*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы
(2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ);*

*Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
(Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V
ҚРЗ);
(ҚР Қылмыстық Кодексінің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367,
368, 369, 370, 450, 451, 452 баптарына тоқталу);*

*Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі
(2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ);
(Кандай сыйлық «Пара» деп саналады және оған қандай жаза
көзделгендігі туралы түсіндіру).*

Тындалды: Аймаханбетова Д – бөлім менгерушісі, сөз сөйлемп түсініктеме
берді:

Орталықтың мәжіліс залында, аурухананың бөлім менгерушілері мен
дәрігерлердің қатысуымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2022
жылғы «Әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған

ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» №1147 Қаулысын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жобалар картасы негізінде бекітілген 2024-2026 жылдарға арналған облыстық іс-шара жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу оның ішінде «пара беру және пара алу» туралы ауқымды түсіндірме жұмыстары жүргізді.

Бұдан бөлек, Облыстық психикалық денсаулық орталығының жоғарғы санатты және білікті маман қызметкерлері аурухана келушілерге тегін кеңестерін беріп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы жадынамаларын таратты.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ ҚР Заңында қаралғандай, сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе дедалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (муліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу туралы заң талаптарына түсінік берді.

Сондай-ақ, жалпы отырыста сөз алған, Махан Б – комплаенс-офицері,
Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің баптарымен яғни
189-бап. Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу,

190-бап. Алаяқтық

218-бап. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе)өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату)

249-бап. Рейдерлік

361-бап. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану

362-бап. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану

364-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу

365-бап. Занды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау

366-бап. Пара алу

367-бап. Пара беру

368-бап. Паракорлыққа делдал болу

369-бап. Қызметтік жалғандық жасау

370-бап. Қызметтегі әрекетсіздік

450-бап. Билікті теріс пайдалану

451-бап. Билікті асыра пайдалану

452-бап. Биліктің әрекетсіздігі туралы баптиарды таныстыра отыра, оның ішінде, 366 және 367-бап бойынша-Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу оның ішінде «пара беру және пара алу» туралы қысқаша баяндамасы:

Пара беру дегеніміз:

Заттар – ақша, оның ішінде шетел валютасы, банк чегі және құнды қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашина, азық-түлік, бейнетехника, тұрмыстық құралдар және басқа тауарлар, пәтерлер, саяжай, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер телімдері және басқа жылжымайтын мұлік.

Қызметтер мен пайдалар – емдеу, жөндеу және құрылымдық жұмыстары, санаториялық және туристік жолдамалар, шетелге бару, ойын-сауықты және басқа да шығындарды тегін немесе төмендетілген құнмен төлеу.

Параның бүркемелі түрі – банк қарызы немесе жоқ қарызды өтеу түрімен төмен бағамен сатып алған тауарларды төлеу, жоғары бағаға тауар сатып алу, парақорға, оның туыстарына, достарына жалақы төлеуге арналған жалған еңбек шарттарын жасау, жеңілдікті несие алу, дәрістер, мақалалар және кітаптарға арналған қаламақыны қөтеру, казинодағы «кездейсок» ұтыс, жалгерлік ақыны төмендету, несие бойынша пайыздық мөлшерлемені азайту және т.б.

Пара алу дегеніміз:

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мұлік, мұлікке құқық немесе мұлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы – жеті жүзден екі мынға дейін айлық есептік көрсеткішке дейін жазаланады немесе сottalған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезендегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде, немесе бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыра отырып, дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыру, немесе мұлікті тәркілеп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге дейін белгілі бір қызмет атқарумен жазаланады.

Егер қылмысты мемлекеттік қызметтегі адам жасаса, айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет, сол сияқты зансыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін пара алу – мұлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Егер қылмысты адамдар тобы алдын ала келісім арқылы, аса ірі мөлшерде немесе қорқытып алушылық арқылы жасаса – біренеше рет мұлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі парамен байланысты қылмыстың екі түрін қарастырады:

- пара алу (366 бап);
- пара беру (367 бап).

Бұл қылмыстың екі жағы: сөз пара жайлыш болғанда, параны алатын адам (пара алушы), және оны беретін адам бар (пара беруші) деген сөз.

Пара алу – ең қауіпті лауазымдық қылмыстың біріне жатады, егер ол адамдар тобымен жасалса немесе заңды немесе заңсыз әрекет (әрекетсіздік) үшін лауазымды тұлға пайда мен артықшылық алу арқылы қорқытып алушылықпен қоса болса тіпті де ауыр қылмыс болып табылады.

Пара беру – лауазымдық тұлғаны заңды немесе заңсыз әрекет (әрекетсіздік) жасауға итермелеге, немесе берушінің пайдасына, соның ішінде қызметі бойынша жалпы қамкорлық пен жол берушілік үшін қандай да бір артықшылықтар ұсынуға, алуға бағытталған қылмыс екендігін атап етті.

Сондай-ақ, бұдан білек, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексінің

80-бап. Медициналық көмек көрсету тәртібін, стандарттарын сақтамау және оны сапасыз көрсету-туралы;

80-1-бап. Медицина және (немесе) фармацевтика қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі келтіру- туралы,

81-бап. Медицина қызметкерінің енбекке уақытша жарамсыздық туралы парапты немесе анықтаманы беру қағидаларын бұзуы- туралы,

82-бап. Медицина қызметкерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, дәрілік заттарды өткізу қағидаларын және рецептер жазып беру жөніндегі талаптарды бұзуы- туралы әкімшілік құқық бұзушылыққа әкеп соғатын айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатындығын атап етті.

Шешім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

Төрайымы:

Аймаханбетова Д

хатшы:

Махан Б







